

<i>Ортаңғы топ.</i>	ЦИКЛОГРАММА				
<i>Апта нөмірі</i>	№7				
<i>Күндері</i>	11 - 15.10.2021				
<i>Өтпелі тақырыптың атауы</i>	Ас атасы – нан				
<i>Мекеменің атауы, тобы</i>	ЖДС «Дарын бөбекжай балабақшасы», ортаңғы топ «Еркетай»				
<i>Педагогтің аты-жөні</i>	Курманбаева Ж.К.				
	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; ата-аналармен "Демалыс күнін балаңызбен қалай өткізуге болады?" тақырыбында әңгімелесу.				
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды топ бөлмесінде реттілікті сақтауға үйрету: ойыншықтарды, құрылыс материалдарын өздігінен орнына жинау, оларды сындырмау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларға балалар еңбегін әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды т.б. естеріне салып отыру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балалар белгіленген рет бойынша киініп-шешіну дағдыларын меңгеруге бәтеңкесінің бауын байлау, түймелерін салу, киімдерін іліп немесе ұқыптылықпен бүктеп қоюға, үлкендердің көмегімен киімін дер кезінде ретке келтіруге, тазалау, кептіру т.б., іскерліктерін дамыту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны - аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін дамыту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үйді өздігінен тазалай білуін, табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білуін қалыптастыру.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	"Нан дастарханға қалай келеді?" Мақсаты: бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу; диқаншылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	"Апта күндері" дидактикалық ойыны. Мақсаты: апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету.	"Балабақша ережесін сақтау" тақырыбында әңгімелесу. Мақсаты. Балабақшада өзін-өзі дұрыс ұстау ережелері туралы әңгімелесу.	"Бұл не? Бұл кім?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: зат есімнің көпше түрін қолдану арқылы балалардың сөздік қорын молайту, ойлау, қабылдау қабілеттерін арттыру, өз-өзіне сенімді болуға тәрбиелеу.	"Тап та, атын ата" дидактикалық ойыны. Мақсаты: түстерді қабылдауларын және қол саусақ моторикаларын дамыту.
Таңғы жаттығу	Кешенді жаттығулар "Топ, топ, добым" Топ, топ, добым домалақ,				

	Топ, топ, добым домалақ, Қайда кеттің домалап Қайда кеттің домалап Бір, екі деп екі ұрдым, Шатырға сен секірдің. Үш, төрт, бес деп үлгердім, Ішіне ендің гүлдердің. Алты, жеті дегенде. Жаттың шаршап еденде. Сегіз, тоғыз дегенде, Сайға сырғып жөнелдің. Топ, топ, добым домалақ, Қайда кеттің домалап.				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастыры латын іскерліктері мен дағдылары)	"Ас тұрған жерде - ауру тұрмайды" деген мақал-мәтелді балаларға айтқызып, уақытында дұрыс тамақтану керектігін айту; дастархан басында арқаларын көтеріп тік отыру керектігін ескерту; ас құралдарын қалай дұрыс ұстау керектігін көрсету; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары.				
Ойындар, оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				
	"Ұннан не жасалады?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: танымдық қызығушылықты, ойлауды, көрнекі зейінді дамыту. Барысы: балалар тек ұннан жасалатын тағамдарды атайды.	"Мамандықты ата" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың нан өсірумен және өндірумен айналысатын кәсіптері туралы түсініктерін кеңейту, сөздік қорын кеңейту. Барысы: педгог сөйлемді бастайды, балалар аяқтайды (мысалы: комбайнмен жұмыс істейді ... комбайнер және т.б.)	"Құймақты жай" дидактикалық ойыны. Мақсаты: пішінді, көлемді қабылдауды дамыту, балаларды өлшемді өсу (кему) ретімен көзбен анықтай білуге машықтандыру, көзді, визуалды қабылдауды дамыту. Барысы: балалар картада көрсетілген құймақтарды ретімен нөмірлейді (1-ден 10-ға дейін) ең кішісінен үлкеніне дейін және керісінше.	"Астық өсірушіге жұмыс істеу үшін не қажет?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың ауылшаруашылық технологиясы, астық өсірушінің құралдары туралы білімдерін бекіту, визуалды қабылдауын, зейінін, есте сақтауын дамыту. Барысы: балалар ауылшаруашылық техникалары мен астық өсірушінің құралдары бейнеленген суреттерді таңдайды.	"Нан өнімдерін кім көбірек атайды?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: танымдық қызығушылықты, есте сақтау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту. Барысы: шеңберде тұрған балалар әртүрлі нан өнімдерін атайды; осындай заттардың көпшілігін атаған жеңімпаз болады.

Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту "Еркежан әжей нан пісірді" атты суреттер сериясы бойынша әңгімелеу. Мақсаты. Балаларда нан туралы қарапайым ұғымдарды қалыптастыру, нан тақырыбына қатысты қарапайым фразаларды педагог соңынан қайлап айтуда жаттықтыру; ойындар барысында қарапайым диалогтарға, сұраққа жауап айтып, қатысуға үйрету. <i>"Сен не істедің?" сөздік жаттығуы.</i> Сурет салу "Тандыр нан". Мақсаты. Фломастерді үш саусақпен ұстап, тандыр бейнесінде алдын-ала салынып қойған шағын дөңгелек үстін тіке және көлденең сызықтармен, шақпақ етіп, дөңгелек сырты аясын ұсақ дөңгелектер арқылы безендіру техникасын жаттықтыру; элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, ою-өрнектерді жазықтыққа орналастыру дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен пішін мен түстерді қабылдау, зейін мен елестету қабілетін дамыту. <i>Саусақ жаттығуы. "Нан</i>	Музыка "Дастархан көркі - нан". Мақсаты. Балалардың музыканы тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; нанның қасиеті туралы ұғым беру. Балалардың әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілеті мен музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу қабілетін дамыту. Балаларды достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық мәдениетін, оқу қызметіне белсенділіктерін арттыру. <i>"Айгөлек" ойыны.</i> Математика негіздері "Әженің бауырсақтары". Мақсаты. Балалардың "зат біреу немесе көп" деген өлшем бірліктерін ажырату, дене мүшелерінің орналасуын суреттеу, оларды өз бойынан (денесінен) табу	Көркем әдебиет "Алтын дән (өлең) Күләш Ахметова". Мақсаты. Балаларды "Алтын дән" өлеңімен таныстыру; балалардың еңбекке қызығушылығын қалыптастыру және оның нәтижелерін қадірлеуге үйрету. Дене шынықтыру "Ас - адамның арқауы". Мақсаты. Балаларды педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен және өкшемен жүру, жүгіру, жүгіріп келе жатып, жай жүріске түсу және аяқтың ұшымен денелерін тік ұстап жүру, шеңбер құрау қабілеттерін жетілдіру; бөрененің үстімен сенімді жүру, допты лақтырып, ұтып алу дағдыларын дамыту. <i>"Өзіңе жұп тап" ойыны.</i> Вариативті компонент Қатынас Ертегі әлемінде Тақырыбы: «Осындай үлкен шалқан». Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып тандаған балаларға кейіпкерлердің сөздерін айтып үйрету. Фланелеграф арқылы сөздердің дұрыс, анық, ашық айтуын қадағалау, қимыл қозғалыстарын көрсете білуін дамыту. Бір бірлеріне қиын жағдайда көмектесіп, ренжітпеуге тәрбиелеу	Құрастыру "Еркежан әжейдің түрлі бауырсақтары". Мақсаты. Балаларды құрастыру материалы қағаз қасиеттерімен, жұмарлау, илеу амалдарымен таныстыру; қағаз бөлігін жыртып алып, саусақтармен жұмарлап, алақандар арасына түйіршіктеп, айналдырып, илеп, шарлар тәрізді денелерді, бауырсақтарды жасап шығаруға үйрету. <i>Құрылыс нәтижесімен ойнату.</i> Музыка "Ас - адамның арқауы". Мақсаты. Балалардың музыканы тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; нанның қасиеті туралы ұғым беру. Балалардың әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілеті мен музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу қабілетін дамыту. Балаларды достық қарым-қатынас пен ізгілік	Жаратылыстану "Ақ бидай". Мақсаты. Балаларды бидаймен таныстыра отырып, бидай дақылын өсіру туралы түсініктерін кеңейту; бидай жайлы білім беруде қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін қалыптастыру; бидай өсімдігінің қасиеті мен маңызы жөнінде мағлұмат беру; Ас атасы – нан туралы ұғым беру. <i>"Қандай тағам?" дидактикалық ойыны.</i> Дене шынықтыру "Нан бар жерде ән бар". Мақсаты. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүру дағдыларын жетілдіру; балаларда бөрененің үстімен сенімді жүру; допты лақтырып, ұтып алу дағдыларын бекіту. <i>"Балапандар" қимылды ойыны.</i>
---	---	---	---	--	--

	<i>илейді Нұрай".</i> Дене шынықтыру "Нанның құдіреті". Мақсаты. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөрененің үстімен сенімді жүруге үйрету және допты лақтыру, ұтып алу дағдысын жетілдіру. <i>"Чемпион" қимылды ойыны.</i>	іскерліктерін қалыптастыру; кеңістікте бағдарлау, есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын, ой-өрісін дамыту. <i>Үстел басындағы дамыту жаттығуы.</i> <i>"Еркежан әжейдің немересін киіндірейік".</i>		ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық мәдениетін, оқу қызметіне белсенділіктерін арттыру. <i>"Кішкене тоқааштар"</i> <i>дидактикалық ойыны.</i>	
--	---	--	--	---	--

Серуен	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. Қайың мен шетенді бақылау. Мақсаты: ағаштардың сыртқы түріне (ұқсастықтары мен айырмашылықтары) салыстырмалы талдау жүргізуге үйрету; ағаштардың сипаттамалық белгілері, ағаштың өсуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін бекіту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жапырақтарды жинау). Мақсаты: бірлескен еңбек әрекеттерін үйрету, бір-біріне көмектесу арқылы бірлесіп жұмыс жасау. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұшақты ұста", "Алыптар мен құртақандар". Мақсаты: артқа қарамай, педагогтің белгісі бойынша тез жүгіруге үйрету; үлкен және кішкентай адыммен жүру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, жүгіру техникасын жетілдіру.	Иттерді бақылау. Мақсаты: ит тұқымдары туралы түсініктерін кеңейту; жануарларға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жолдарды жапырақтардан тазарту) Мақсаты: еңбекке деген сүйіспеншілікті қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Үйінді тап". Мақсаты: ептілікті, белгі бойынша жылдам әрекет ету, ойын ережелерін дәл орындау қабілеттерін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, заттарды қашықтыққа лақтыру дағдыларын бекіту.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. Тамақтану кезінде құстарды бақылау. Мақсаты: құстарға қамқорлық жасауға деген құштарлықты ояту; құстар туралы білімдерін толықтыру; табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құстарға жем беру). Мақсаты: қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға ынталандыру (құстарды тамақтандыру, алаңды тазарту); жануарларға қамқорлық жасауға деген ықыласты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Допты қуып жет", "Түлкі мен балапандар" (2-3 рет ойнатылады). Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.	Жүргізушінің жұмысын бақылау. Мақсаты: жүргізушінің жұмысымен танысуды жалғастыру; еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (сыпырғыштармен сыпыру) Мақсаты: сыпырғышты дұрыс қолдана білуге, басталған істі соңына дейін жеткізуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Тышқан мен мысық", "Алақан соқпақ", "Орын тап" (2-3 рет ойнатылады). Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсаты: қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.	Бақшадағы өзгерістерді бақылау. Мақсаты: күздің аяғында табиғаттағы өзгерістер туралы түсінік қалыптастыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауладағы қоқыстарды жинау) Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қақпан", "Дұрыс көзде" (2-3 рет ойнатылады). Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсаты: қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.
Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бөтенкесін белгілі ретпен шешуі; киімді жүйелі шншінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				

Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірге-бірге тұрғызу, шынығу процедуралары	Ашулы мысық; (тіземен тұрып, белді бүкірейтіп, басты төмен түсіру). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.				
Бесін ас (қалыптастырыл атын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары).	"Қуыршақты жуындырамыз" ойын жаттығулары Мақсаты. Сюжеттік суреттерді қарастыру; ірі құрылыс материалдарымен ойындар.	Сюжеттік ойыншықтармен ойнау. Ертегі оқу. Үстел үсті театры.	"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны. Мақсаты: сөздік қорларын ойыншық атауларымен толықтыру.	"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны. Барысы: педагог үстелдің үстіне бірнеше затты қояды. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын ақырындап өсіруге болады.	Жыл мезгілі жайлы әңгімелесеміз. Мақсаты: қарапайым сұрақтарға толық жауап беру іскерліктерін жетілдіру
Серуенге дайындық (қалыптастырыл атын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.
Серуен	Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. Қимыл-қозғалыс ойындары:"Өз үйінді тап", "Поезд" (3-4 рет ойнатылады).				

Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	Артикуляциялық жаттығулар. Мақсаты. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту.	"Жауын" тақпағын жаттау. Мақсаты. Күз мезгілінде табиғи құбылыстардың ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Бала тілін жаттықтыру. Өртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. "Жауын" (Төленді Нұрмұхамедов) Қызыл отты қамшысы Көкке жарқыл шашады, Еркебұлан тамшысы Домаланып қашады. Жаңбыр жауып өтеді: Қуанады сарғалдақ. Дала жайнап кетеді, Бір шомылып алғанда-ақ!	Артикуляциялық жаттығулар. Мақсаты. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту.	"Таңертең" тақпағын жаттау. Мақсаты. Тәулік бөліктері туралы әңгімелесу. Сұрақтар қою. Балалардың сұрақтарға толық жауаптарын талап ету. Бала тілін жаттықтыру. Өртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. "Таңертең" (Қастек Баянбаев) Ерте тұрғым келмейді, Бірақ тағы тұрамын. Көзім түк те көрмейді, Естімейді құлағым. Суды ағызып ақырын, Жуған болам бетімді. Кешегі көп ақылым Кеміп қалған секілді. Бала баққа бүгін де Барғым келе қоймайды. Жақсы көрем үйімде Кейде жеке болғанды. Бірақ үйден шығамын Қол ұстасып көкеммен. Ашылып көз-құлағым, Бала баққа жетем мен.	Жұмбақ жаттау. Мақсаты. Жұмбақтардың шешімін табу. Әр жұмбақтың суреттері болу керек.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Кеңес. "Баланың бос уақытын тиімді пайдалану".	"Үлкендерге құрмет" тақырыбында әңгімелесу.	Ата-аналарға кеңес. "Қыңырлықты шешу жолдары".	Ата-аналарға арналған сауалнама. "Отбасындағы салауатты өмір салтының шарттары".	Ата-аналарға арналған жеке әңгімелер. Көзге арналған түзету гимнастикасы.